

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданы «Садуақас Сатыбалдин атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау қорытындысы.

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданының білім беру бөлімінің «Садуақас Сатыбалдин атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме.

Білім беру ұйымының толық атауы – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданының білім беру бөлімінің «Садуақас Сатыбалдин атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме.

Құрылыс жылы – 1986 ж.

Жобалық қуаты – 198 оқушы.

Жалпы ауданы – 1428,3 ш. м

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140710, Аққулы ауданы, Қызылқоғам ауылы, Уайхан Мүлікбаев көшесі, 1 ғимарат.

Заңды тұлғаның байланыс деректері: 87472787379, Zhairangul777@gmail.com

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: мектеп директоры Батталова Жайрангуль Кайсановна, Бұйрық №24, 11.01.2021ж

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары

Мектеп бастауыш, негізгі және орта жалпы білім беруді мынадай құқық белгілейтін құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- 2021 жылғы 13 ақпанда берілген №KZ95LAA00023517 мемлекеттік лицензия
Лицензиар: «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі.

- 2021 жылғы 13 ақпанда берілген KZ95LAA00023517 білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша Лицензиар: «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі.

- 2021 жылғы 12 қаңтарда Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. БСН 980640001874.

- 2021 жылғы 05 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданы білім беру бөлімінің «Садуақас Сатыбалдин атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы

Мектеп әкімшілігі:

Мектеп директоры: Батталова Жайрангуль Кайсановна – III біліктілік санатты басшы, педагог-сарапшы, математика және информатика пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 30 жыл.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Жумаханова Шолпан Калеловна – I біліктілік санатты директордың орынбасары, жоғары білімді математика және физика пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 38 жыл.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Жакупбекова Инкар Муратовна – педагог-зерттеуші, информатика пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 19 жыл.

05.09.2024 жылы мектепте:

1-11 сынып оқушылары: 39

Мектепалды даярлық топ: қазақ тілінде-6 тәрбиеленуші

Сынып комплекті саны: 7

1-4 сынып: 4 сынып (2 сынып жинағы)

5-11 сынып: 6 сынып (5 сынып жинағы)

Оқыту тілі: мемлекеттік

Мектеп бес күндік оқу аптасымен екі ауысымда жұмыс істейді. Бірінші ауысымда 1 қазақ, 2 қазақ, 5 қазақ, 6 қазақ, 7 қазақ, 9 қазақ, 10 қазақ, 11 қазақ сыныптары – 33 оқушы білім алуда. Екінші ауысымда мектепалды даярлық сыныбы және 3 қазақ, 4 қазақ сыныптары – 6 оқушы және 6 тәрбиеленуші білім алуда

Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Жаһандану дәуірінде-білімді өмірлік міндеттерді шешу үшін қолдана білетін тұлға қалыптастыру»

Мектептің миссиясы:

• Оқушы бойында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін орта құру;

• Оқушыны әлеуметтік ортаға бейімдеу.

• Оқушының алған білімін практикалық жағдайда тиімді пайдалана алатын негізгі құзіреттіліктерді сіңіру;

• Педагог кадрлардың заман талабына сай үздіксіз білімдерін жетілдіру;

• Салауатты өмір салтын ұстану;

• Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда ата-ананың белсенділігін арттыру;

Даму бағдарламасы аясындағы жұмыс барысында мектептің инновациялық қызметінің негізгі бағыттары айқындалды. Педагогикалық ұжым инновациялық қызметті дамудың негізгі тетігі ретінде қарастырады, оны оқу тәжірибесіне енгізілген жаңалықтарды жүзеге асырудың, меңгерудің, иеленудің мақсатты процесі ретінде анықтайды.

Іс жүргізу үшін мектеп директоры бекіткен және аудандық білім бөлімімен келісілген істер номенклатурасы, штаттық кесте, мұғалімдер мен қызметкерлердің жеке істері, еңбек кітапшалары, еңбек келісім-шарттары, мұғалімдер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, жеке құрам бойынша бұйрық кітапшалары бар.

Жалпы білім беру мәселесі бойынша алфавиттік кітап, оқушылардың қозғалысы туралы бұйрық кітабы, мектепке келген және мектептен кеткен оқушыларды есепке алу журналы, оқушылардың жеке істері, негізгі орта мектеп курсы аяқтау туралы куәліктерді есепке алу және беру кітаптары, жалпы орта мектеп курсы бітіргені туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітаптары бар.


Мектеп әкімшілігі мектеп оқушыларын есепке алуды ұйымдастыру талаптарының сақталуы, мектеп оқушыларының оқумен қамтылуы мәселелерін үнемі қадағалап отырады. Оқуға қабылдау туралы бұйрықтардың уақытылы берілуі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке істері мен медициналық құжаттары бар.

Мектептің кадрлық құрамының сараптамасы

Білім сапасы көбіне педагогикалық ұжымның сапасымен анықталады. Тексеру барысында кадрлармен жұмыс істеу бойынша барлық нормативтік құжаттардың бар екені, жеке құрам бойынша бұйрық кітапшалары уақытылы жүргізілетіні, жеке еңбек келісім-шарттары жасалғаны, мұғалімдердің жеке істері, аттестаттау отырыстарының хаттамалары бар екені анықталды.

Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы оқу-тәрбие процесін тиімді жүзеге асыруға, педагогикалық шығармашылықты дамытуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін нормативтік-құқықтық базаға сәйкес келеді.

Соңғы төрт оқу жылында мектептің педагогикалық ұжымының саны тұрақты (2021-2022 оқу жылы-18 мұғалім, 2022-2023 оқу жылы-18 мұғалім, 2023-2024 оқу жылы-18, 2024-2025 оқу жылы-18). Ағымдағы оқу жылында ұстаздар саны 18 адамды құрайды.



Педагогикалық кадрлардың білім деңгейі 4 жыл ішінде жоғары білімі бар мұғалімдердің 89% болуымен сипатталады. Ағымдағы оқу жылында бұл көрсеткіш 89 пайыз. Жас мамандар 11% ды құрайды.

Мұғалімдердің білім деңгейі:

	1-4 сыныптар			5-11 сыныптар		
	мұғалімдер саны	жоғары білімді	арнайы орта білімді	мұғалімдер саны	жоғары білімді	арнайы орта білімді
2022-2023	4	3 (75%)	1 (25%)	14	12 (86%)	2 (14%)
2023-2024	4	3 (75%)	1 (25%)	14	12 (86%)	2 (14%)
2024-2025	3	3 (100%)	0 (83%)	15	13 (87%)	2 (13%)

Кадрлардың сапалық құрамының қол жеткізілген деңгейі Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған көрсеткіштерге қаншалықты сәйкес

келетінін анықтаудың эталоны жоғары білікті педагог кадрлардың үлес салмағының нысаналы индикаторы болып табылады. Мұғалімдердің жалпы санының жоғары (зерттеуші) және бірінші (сарапшы) санаттары.

Мұғалімдердің біліктілік санаттар үлесі бойынша

2022-2023 оқу жылында 50% (9 мұғалім)- оның ішінде зерттеуші 11% (2 мұғалім), сарапшы 39% (7 мұғалім).

2023-2024 оқу жылында 44% (8 мұғалім)- оның ішінде зерттеуші 6% (1 мұғалім) сарапшы 39% (7 мұғалім).


2024-2025 оқу жылында 39% (7 мұғалім)- оның ішінде зерттеуші 6% (1 мұғалім) сарапшы 33% (6 мұғалім).



Үш жыл ішінде біліктілік санаты бойынша сапалық үлес 5 пайызға төмендеді. Төмендеу себебі бір ұстаз жұмыс орынын ауыстырды, бір ұстаз тесілеу нәтижесін төмен көрсетекіш көрсетті. Алайда педагог кадрлардың педагог-модератор сапалық үлеске кірмеседе 2023-2024 оқу жылында 3 ұстаз біліктілік санаттарын көтерді. Бұл мектепте педагогикалық ұжымның педагогикалық шеберлігін арттыру жұмысының дұрыс жолға қойылғанын аңғартады.


Педагогтардың еңбек өтілі мен жасы бойынша бөлінуін талдау педагогикалық ұжымның жеткілікті жетілгендігі мен тәжірибесін көрсетеді: 20 жылдан астам жұмыс өтілі бар мұғалімдердің үлесі 17%, 16-20 жыл аралығында – 11%, 11-15 жыл аралығында – 33 %, 5-10 жыл аралығында – 11 %, 0-4 жылға дейін – 28%.

Еңбек өтілі бойынша саралау



Мектеп мұғалімдерінің жас топтары бойынша мәліметтерді талдау мұғалімдердің зейнетке шығуына және жас мамандардың көбеюіне байланысты мектептің педагогикалық ұжымының «жасару» динамикасын көрсетеді. Бұл педагог кадрлардың санаттарының теріс динамикасын түсіндіреді.

Мұғалімдерді жасы бойынша саралау



Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелері бойынша жоспарланған көрсеткіштер орындалуда. Мұғалімдер жыл сайын қайта даярлау курсынан өтеді. 2020-2021 жыл – 5 адам, 2021-2022 оқу жылы – 14 адам. 2022-2023 оқу жылы -3 адам 2023-2024 оқу жыл -11 мұғалім; 2024-2025 оқу жылы -7 мұғалім

Оқу жылдары	Педагог қызметкерлердің жалпы саны	Курстық қайта даярлаудан өтті	Курстық қайта даярлаудан өткен мұғалімдердің үлесі/%
2020-2021	18	5	28
2021-2022	18	14	77
2022-2023	18	3	17
2023-2024	18	11	61
2024-2025	18	7	39

Бүгінгі күні қайта даярлау курсынан өткен мұғалімдердің үлесі 94% құрайды, ал 6% (1 адам) курстық қайта даярлауды қажет етеді.

2020-2021 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер

№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырып	Мерзімі	Өткен жері	Сериясы
1	Тогтасын Жанаргуль	Білім беру мазмұнының жаңару аясында қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша оқыту процесін жобалау.	11.05-22.05.2020ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ	0357228
2	Казыканова Алия Калиардамовна	Оқушылардың математикалық және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту.	03.11-11.11.2022ж.	ПШО	43ев69ав
3	Магзумов Талгатбек Уахитович	Білім беру мекемелерінде сабақтан тыс спорттық шараларды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері.	29.03.-09.04.2021ж.	ҰҒО дене тәрбие орталығы	00001271
4	Шуганов Жанат Бекенович	ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақстан тарихы мен Дүние жүзі тарихы пәндері бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» 80 сағат			
5	Жакупбекова Инкар Муратовна	Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру мәселесі бойынша білім беру мекемесінің жұмыс жүйесі.	24.08-05.08.2021ж.	ИнЕУ	080941

2021-2022 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер

№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырып	Мерзімі	Өткен жері	Сериясы
1	Шуганов Жанат Бекенович	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» 72	14.09-28.09.	ППУ қосымша	948

		сағаттық курс	2021ж.	білім беру орталығы	
2	Шуганов Жанат Бекенович	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды үйде оқытуды ұйымдастыру.	18.10-08.11. 2021ж.	ИнЕУ	091486
3	Алибеков Дидарбек Мейрамбекович	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды үйде оқытуды ұйымдастыру.	18.10-08.11. 2021ж.	ИнЕУ	091482
4	Ибадулин Ансат Таскыновичж	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды үйде оқытуды ұйымдастыру.	18.10-08.11. 2021ж.	ИнЕУ	091484
5	Жакупбекова Инкар Муратовна	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды үйде оқытуды ұйымдастыру.	18.10-08.11. 2021ж.	ИнЕУ	091483
6	Айгожин Куан Сағдатович	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды үйде оқытуды ұйымдастыру.	18.10-08.11. 2021ж.	ИнЕУ	091481
7	Шакилов Ибрагим Айткалиевич	Балаларға қосымша білім беру бағдарламасын іске асыратын ұйымдастыратын педагог кадрларына аналған «Әскери-патриоттық клубтарда Отанды қорғауға саналы көзқарасты қалыптастыру» 80 сағат	28.03-08.04. 2022ж.	ҚР БЖҒМ қосымша білім беру орталығы	4377
8	Караматова Еркен Ерсайновна	Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектепке дейінгі оқыту. 72 сағат.	31.05-14.06. 2022ж.	ППУ қосымша білім беру орталығы	00002171
9	Кадырханова Нургуль Мейрамовна	Мектептегі география сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары. 160	27.06-15.07. 2022ж.	ПШО	N2f8dd71ae

		сағат.			
10	Алибеков Дидарбек Мейрамбеович	Химия пәні мұғалімдерінің пәндік құзіреттіліктерін дамыту.	15.08-26.08.2022ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ	0598319
11	Магзумов Талгатбек Уахитович	Жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде пәндік құзіреттіліктерді дамыту. 72 сағат	31.05-14.06.2022ж.	ППУ қосымша білім беру институты	00002214

2022-2023 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер

№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырып	Мерзімі	Өткен жері	Сериясы
1	Магзумов Талгатбек Уахитович	Шахмат ойнап үйрену әдістемесі. 72 сағат.	09.09-23.09.2022ж.	ППУ қосымша білім беру институты	00002661
2	Тайбупенова Айдана Маратовна	Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұны. 72 сағат.	15.02-28.02.2022ж.	ППУ қосымша білім беру институты	00000463
3	Агинбаева Райса Дюсенбаевна	Білім мазмұнының жаңару жағдайында бастауыш мектептің білім беру үдерісін басқару. 72 сағат.	23.06-15.07.2002ж.	ИнЕУ	1700
4	Мазанова София Рахановна	Заманауи жағдайында білім алушылардың кәсіптік бағдарлауын жүргізу үшін педагогтардың құзіреттілігін дамыту. 80 сағат.	17.07-28.10.2022ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ	0601350
5	Алибеков Дидарбек Мейрамбекович	Мектептегі биология сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялар. 160 сағат	02.07-02.08.2023ж.	ПШО	017662

2023-2024 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер

№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырып	Өткен жері	Сериясы	
1	Ещанова Гульдана Айдархановна	Мектептегі ағылшын тілі сабағы басымдықтары мен жетілдіру стратегиялары. 120 сағат	27.06-12.07.2023ж.	ПШО	017501
2	Батталова Жайрангуль	Пәндерді оқытуда	21.08-01.09.	«Өрлеу»	0709210

	Кайсановна	цифрлық ресурстарды пайдалану.	2023ж.	БАҰО АҚ	
3	Жумаханова Шолпан Калеловна	Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану.	21.08-01.09. 2023ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ	0709248
4	Алибеков Дидарбек Мейрамбекович	Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану.	21.08-01.09. 2023ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ	0709204
5	Шаганов Жанат Бекенович	Мектептегі тарих сабағы басымдықтары және жетілдіру стратегиялары. 120 сағат.	26.06-14.07. 2023ж.	ПШО	017737
6	Караматова Еркен Ерсайновна	Мектепалды даярлықтың тәжірбиелік және мазмұндық аспектілері. 72 сағат.	09.10-19.09. 2023ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ	0710369
7	Жакупбекова Инкар Муратовна	Білім берудегі менеджменті. 80 сағат	16.09-04.10 2024ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ	0710567
8	Мазанова Сафия Рахановна	Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу. 80 сағат.	24.04-06.05. 2023ж.	Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты.	0018671
9	Шакилова Айнур Гафуровна	Білім беру ұйымдарындағы аға тәлімгердің кәсіби күзiреттiлiгiн дамыту.	03.06-14.06. 2024ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ	0827758
10	Асайнова Мадина Ерболатовна	Форматирование читательской грамотности на уроках русского языка и литературы. 80 сағат.	17.06-28.06. 2024ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ	0828089
11	Айгожин Куан Сагдатович	Қазақ тілі және Қазақ әдебиеті пәндер педагогтерінің пәндік және кәсіби күзiреттiлiктерiн дамыту. 80 сағат.	17.09-28.09. 2024ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ	0828066

2024-2025 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер

№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырып	уақыты	Өткен жері	Сериясы
1	Жумаханова Шолпан Калеловна	Физика бойынша білім мен дағдыларды	05.08-16.08. 2024ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ	0828404

		қалыптастырудың заманау білім беру технологиялары. 80 сағат.			
2	Шакенова Шынар Калиакбаровна	1.Эмоционалдық интеллект-педагогтың кәсіби-міндеттерін шешу құралы. 2.Бастауыш мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары. 120 сағат.	02.09-13.09. 2024ж. 16.09-04.10. 2024ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ ПШО	0829209 093796
3	Ибадулин Ансат Таскынович	Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін арттыру.	02.09-13.09. 2024ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ	0829320
4	Шакилов Ибрагим Айткалиевич	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық педагог-ұйымдастырушылық пәндік құзіреттіліктерін дамыту.	16.09-27.09. 2024ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ	0829503
5	Ибадулина Риза Кадырбековна	Бастауыш мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары. 120 сағат.	16.09-04.10. 2024ж.	ПШО	093783
6	Ермұқан Әділ Хамзатұлы	Дене шынықтыру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	30.09-11.10.2024ж	РМҚК	
7	Магзумов Талгатбек Уахитович	Дене шынықтыру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	21.09-4.10.2024ж	РМҚК	0003709
8	Жакупбекова Инкар Муратовна	Python бағдарламау тілін оқытудың әдістемесі мен тәжірибесі	21.10-01.11.2024ж	Өрлеу	0830328

Мониторинг жыл сайын жас маманардың келуін көрсетеді. Әрбір жас маманға тәжірибелі ұстаздар арасынан тәлімгер бекітіледі. Педагогикалық қызметтің барлық бағыттары бойынша дөңгелек үстелдер, әдістемелік семинарлар, жас мұғалім

мектебінің кездесулері арқылы жас мұғалімдердің әдістемелік деңгейін көтеру мақсатында мақсатты жұмыстар жүргізілуде. Жас мамандардың өмір сүруіне және жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалған.

Аттестаттау материалдарын зерделеу аттестацияның педагогикалық шеберлікті арттырудың қуатты стимулына айналғанын, жоспарлы түрде жүргізілетінін, жүйелілік, сабақтастық, бақылау және шығармашылықты ынталандыру принциптерін жүзеге асыруға негізделгенін көрсетті. Барлық құжаттама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 83 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. 2023-2024 оқу жылының 2 жарты жылдығында ішінде 7 мұғалім аттестациядан өтті- 3 мұғалім растады педагог-сарапшыны, 3 мұғалім педагог-модераторды алды, ал бір ұстаз сарапшы санатын растай алмады тесттен өтпегендіктен. Жалпы мектеп бойынша санат үлесі көтергендердің 17% құрайды.

Педагогикалық кадрларды аттестациялау үдерісін қамтамасыз ету бойынша оқу жылдарына жоспар құрылады. Аттестаттау комиссиясының отырыстарында жыл сайын хаттамалар жүргізіледі, бұйрықтар шығарылады, біліктілік куәлігін тіркеу және беру тізілімі бар. Аттестаттау туралы бұйрықтар мен куәліктерінің көшірмелері педагогтардың жеке істеріне қоса беріледі, біліктілік санаттарын беру туралы жазбалар еңбек кітапшаларында жүргізіледі.

Мұғалімдердің шығармашылық белсенділігін ынталандыру әдістері жетілдірілуде, екі жылдан бері мектепішілік «Жас мамандар» онкүндіктері ұйымдастырылды. Аудандық «Жас маман» байқауларына қатысты. Моральдық және материалдық көтермелеудің әртүрлі әдістері қолданылады.

Кадрлардың тұрақтамауын талдау мұғалімдердің басым бөлігі тұрақты жұмыс істейтінін көрсетті. 2022-2024 жылдар аралығында 5 мұғалім жұмысқа қабылданды, 5 мұғалім жұмыстан босатылды. Себептері: зейнетке шығуға, тұрғылықты жерін өзгертуге байланысты. Ұжымда даулар, шағымдар жоқ.

Мектеп әкімшілігінің әкімшілік қызметі мектеп ұжымында қолайлы моральдық-психологиялық климатты қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру міндеттерін шешуде ресурстарды пайдаланудың тиімділігіне бағытталған. Мектепте адам ресурстары жоғары деңгейде.

Сонымен бірге біз мектептің дамуының проблемалары мен болашағын көреміз:

- мұғалімнің шығармашылық өзін-өзі дамытуға, жеке жауапкершілігіне және мектепті дамыту міндеттерін шешудегі жұмыстың маңыздылығына ықпал ететін шығармашылық атмосфераны құру;
- педагогикалық ұжымның басым бөлігінің педагог-зерттеуші жұмысының дағдыларын дамытуға мотивациясын дамыту;
- мектептің сапа көрсеткіштерінің тұрақтылығы мен өсуіне қол жеткізуде қолда бар еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз ету.

Оқушылар контингенті


Мектептің негізгі міндеттерінің қатарында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру – білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісі субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

2022-2023 оқу жылының басында оқушылар саны 38 оқушыны құрады, соның ішінде: қыздар – 19, ұлдар – 19. 1-4 сыныптарда 13 оқушы (2 сынып жинағы), 5-9 сыныпта – 21 оқушы (4 сынып-комплект), 10-11 сыныпта – 1 оқушы (2 сынып-комплект) оқыды.

2023-2024 оқу жылының басында оқушылар саны 39 оқушыны құрады, оның ішінде: қыздар – 19, ұлдар – 20. 8 сынып-комплектінің 11-і жалпы білім беретін сыныптар. 1-4 сыныптарда 12 оқушы (3 сынып-комплект), 5-9 сыныпта - 23 оқушы (4 сынып-комплект), 10-11 сыныпта - 4 оқушы (1 сынып-комплект) оқыды.

2024-2025 оқу жылының басында оқушылар саны 39 оқушыны құрады, оның ішінде: қыздар – 20, ұлдар – 19. 7 сынып жинағының 11-і жалпы білім беретін сыныптар. 1-4-сыныптарда 77 оқушы (2-сынып жинағы), 5-9-сыныптарда - 73 оқушы (4 сынып-топ), 10-11-сыныптарда - 9 оқушы (1 сынып-комплект) оқыды.

Оқу жылдары	Барлық оқушылар саны	1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып
2022-2023	38	13	21	4
2023-2024	39	12	23	4
2024-2025	39	11	21	7



2024-2025 оқу жылының басындағы оқушылар саны 39 оқушы, оның ішінде 20-қыз, 19-ұл. 10 сынып, 8 сынып-жинағы. 1-4 сыныптарда 11 оқушы, 5-9 сыныпта – 21 оқушы, 10-11 сыныпта – 7 оқушы оқиды. Жалпы білім беретін 10 сынып, пәндерді тереңдетіп оқытатын сыныптар – жоқ.

Мектеп оқушыларының контингенті жылдан жылға бір деңгейде тұр. Мектеп ата-аналар қауымы арасында беделге ие, бұл өз балаларын мектепте оқыту қажеттілігінің артқанын көрсетеді.

Жалпы білім беретін сыныптардың жұмыс істеуінің белгіленген нормасы білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын – білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуді, оқу-тәрбие үдерісі

субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**Оқу әдістемелік жұмыс
2022-2023 оқу жылы**

ӘБ жұмысының мақсаты:

«Қоғамның талабына сай оқушылардың оқу сауаттылығы қабілеттерін арттыра отырып жеке тұлға қалыптастыру»

ӘБ жұмысының міндеттері:

- Мұғалімнің кәсіби құзыреттерін арттыру;
- Оқу сауаттылығын жаңа әдіс- тәсілдерді қолдана отырып дамыту;
- Педогоикалық кадрлардың білім жетілдіру деңгейлерін көтеруге жағдай жасау;
- Дарынды оқушылармен жұмысты жетілдіріп дамыту, жағдай жасау;
- Үлгерімі төмен оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасау;

Бастауыш сынып бірлестігі Даярлық сынып пен бастауыш сынып арасындағы сабақтастық Оқытудағы сабақтастық алдыңғы сатыдағы оқушылардың білім, білік және дағдыларын оқытудың келесі сатысында кеңінен қолдануды және әрі қарай жетілдіру, дамыта түсуді көздейді. Оқытудың осындай тірек нәтижесінен келесі сатыдағы қарастырылатын мәселелер өрбиді. Сабақтастық екі буынға ортақ міндеттерінің үйлесімділігін қалыптастырады. Мектепалды даярлықта алған білім көрсеткішінің өзекті мәселелерін іріктеп, бастауыш сыныпқа келген оқушының оқыту талаптарын әрі қарай жетілдіреді. Осы жағдайдың алдын алу үшін мектеп тәжірибесінде сабақтастықты жүзеге асыру игі нәтижесін беріп келеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында мектепалды даярлық тобымен сабақтастық жұмысы жүргізілді. Мектепалды даярлық тобының тәрбиешіс Караматова Е.Е әңгімелесіп, балалармен таныстым. Топта 3 тәрбиеленуші екі қыз, бір ұл. Сабақтарға қатысу барысында балалардың мектепке бейімділігінің қалыптасқанын, сабаққа қызығушылықтарының жақсы екені байқалды. Атап айтқанда, сауат ашу сабағында «Жоғалған буынды тап», «Кім жылдам?», «Бағдаршам» атты дидактикалық ойындар арқылы балалардың сөздік қорының мол, байланыстырып сөйлеу дағдысының, танымдық қабілетінің қалыптасқандығын айтуға болады. Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті меңгеруіне ықпал етті. Өйткені балалар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Сабақтарда дидактикалық ойынды қолданылып, сол пәнге деген қызығушылығын арттырып, белсенділік танытып, бағдарламалық материалды қажетті деңгейде меңгеруіне ықпал етті. Мынадай ойын түрлері қолданылды: “ Суретті аяқта”, “ Көліктер”, “ Құс бейнесін құрастыр”, “ Кім жылдам”, “Қиялдағы сурет”, “ Ұлттық киімдерді ата”, “Жылы - суық”, “Ғажайып алаң”, “Өрнектерді құрастыр”, “Біздің қаланың көліктері ”, “Қуыршақты киіндір” “ Сиқырлы гүл”, “Аңдар мектебі”, “Суреттей біл”, “Өз жұбыңды тап”, “Лото” т. б. Он көлеміндегі сандарды тура және кері бағытта санау дағдысы, геометриялық материалдарды меңгеру деңгейі қалыптасқан, балалардың ішінде жүзге дейін санай алатын, он көлеміндегі сандарды қосу, азайтуды меңгеріп келеді. Сондай-ақ балалардың графикалық дағдылары, әріптерді, сөзді дұрыс жазу дағдылары зерделенді. Зерделеу қорытындысы бойынша балалар әріптердің графикалық элементтері, әріптердің толық нұсқасын, сөзді дұрыс жазу, дағдылары қалыптасып келеді. Ата-аналар жиналысына қатысып, ата-аналармен әлеуметтік жағдайлары мен бала тәрбиесі туралы әңгімелер жүргізілді. Екі буын арасындағы

ортақ мақсат-міндеттер, ортақ мазмұндық жүйе, білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімділігі, сабақтастықтың түпкілікті мақсаты-баланы жүйелі, сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуін ұйымдастыру екенін ескерсек, балалар мектепке толық бейімделген, білуге, оқуға деген қызығушылықтары жақсы, әрбір істе өз белсенділіктерін көрсете білді.

Сабақтастықта мұғалімнің оқушы біліміне жүргізген диагностикалық есебін, психологиялық зерттеу күнділіктерін басшылыққа алынады.

I . Оқушыны зерттеу, білу. а) оқушының жұмыс қабілеті; ә)білім көрсеткіші, дағдысы; б) оқушы ерекшелігінің ескерілуі (сабақтағы жұмыс түрлеріне қатысы); в) сыныптан тыс шаралардың ұйымдастырылуы әдістері,сынып оқушыларының қатысы; г) ата-ана мен сынып мұғалімінің бірлескен іс – нәтижесі;

II.Оқу сабағы бойынша: өмір шындығын оқушыларға көркем әдебиет құралдары арқылы көрсету, соның негізінде оқушының ой – өрісін, қиялын,эстетикалық, адамгершілік сезімдерін дамыта отырып, ана тіліне сүйіспеншілігін арттыру; оқыған әңгіме мазмұнын өз сөзімен қысқаша немесе толық айтып беруге,сюжетті суреттер бойынша керекті сөздерді пайдалана отырып өздігінен жазба жұмыстарын орындауға төселдіру; сөздік қорын молайту, өзінің ой – пікірін, көргенін, оқығанын мазмұндату арқылы ауызша сөйлеу тілін дамыту; мәнерлеп оқуға, кітаппен, мәтінмен жұмыс істеуге үйрету;

III.Сауат ашу бойынша: а) грамматикалық ұғымдар мен орфографиялық ережелер меңгертуге тілдік фактілерді дұрыс таныту, ұтымды жаттығу жұмыстарын жүргізу; байланыстыра сөйлеуге, өз ойын байланыстыра жазып беруге баулу; оқушы сауаттылығын, жазу үстіндегі орфография және пунктуациялық қателермен жұмысын бақылау қалыптасқан.

IV.Математика бойынша: есептей білу дағдылары;есеп шығару қабілетінің,логикалық ойлауы қабілетінің дамуы; натурал сандарға қолданылатын төрт амалды үйренуі; ауызша есептеу дағдыларын меңгеруі; өрнектерді салыстыру және геометриялық материалдарды меңгеру деңгейлері стандарт бойынша орындалынды.

Пән мұғалімдерінің жетістіктері:

Педагогтың аты-жөні	Конкурс атауы	Аудандық, облыстық, республикалық деңгей	Тәжірибе тарату облыстық, республикалық (Өрлеу, Иннов. орталық т.б.)	Жарияланымдар, мақалалар аудан, облыс, республика
Шакенова Ш.К	Үздік сынып жетекші	Аудандық	-	-
	Театрдың ғажайып алаңы	Аудандық 1 орын	-	-
	Театрдың ғажайып алаңы	Облыстық 1 орын	-	-

Оқушылардың жетістіктері:

Оқушының	Пәні	Конкурс атауы	Аудандық,	Сын	Пән мұғалімі
----------	------	---------------	-----------	-----	--------------

аты-жөні			облыстық, республикалы қ деңгей (№514 бұйрыққа сәйкес)	ЫП	
Дәуіт Сезім	Әдебиет тік оқу	Абай оқуларында «Қара сөз»	Аудандық 2 орын	4	Шакенова Ш.К.
	Қазақ тілі	«Үздік каллиграф» диктант жазу	Аудандық 2 орын	4	Шакенова Ш.К.
		Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша Ертегі оқу сайысы	Аудандық 2 орын	4	Шакенова Ш.К.
		«Жас қыран KIDS» сайысы	Аудандық 2 орын	4	Шакенова Ш.К.
	математ ика	«Кенгуру»- барлығы үшін» интеллектуалд ық ойын-	Республикалы қ II орын	4	Жумаханова Ш.К.
Шуганова Зере		«Жас қыран KIDS» сайысы	Аудандық 1 орын	3	Тайбупенова А.М.
		«Үздік Қыранбасшы- 2023жыл»	Аудандық 1 орын	3	Шакилова А.Г.
		«Үздік Қыранбасшы- 2023жыл»	Облыстық 1 орын	3	Шакилова А.Г.
Аммри Альтаир	Математ ика, оқу сауаттыл ығы, логика	Облыстық 4- сынып оқушыларына араналған Ыбырай Алтынсарин атындағы олимпиадасы	Облыстық 4- сынып оқушыларына араналған Ыбырай Алтынсарин атындағы олимпиадасы	4	Шакенова Ш.К.
Таукелова Айсана	математ ика	«Кенгуру»- барлығы үшін» интеллектуалд ық ойын-	Республикалы қ II орын	1	Шакенова Ш.К.
		«Ақбота» сайысына	Республикалы қ I орын	1	Шакенова Ш.К.

Иманкулов Алдияр	математ ика	«Кенгуру»- барлығы үшін» интеллектуалд ық ойын-	Республикалы қ II орын	1	Шакенова Ш.К.
		«Ақбота» сайысына	Республикалы қ I орын	1	Шакенова Ш.К.
Қуандық Жігер	математ ика	«Кенгуру»- барлығы үшін» интеллектуалд ық ойын-	Республикалы қ I орын	4	Жумаханова Ш.К.
Турсумбаева Айбота	математ ика	«Кенгуру»- барлығы үшін» интеллектуалд ық ойын-	Республикалы қ III орын	4	Жумаханова Ш.К.

Сәуір айының 11-нен 22-не дейін бастауыш сыныптардың онкүндігі өтті. Онкүндіктің «Бастауышым- балбұлағым» атпен ашылды. басталды. Оқушыларды жоспармен таныстырдық. Онкүндікте жоспарланған ашық сабақтар 2-сыныпта қазақ тілінен «Дара және күрделі етістік» тақырыбында Тайбупенова А.М. өткізді. Сабақ жақсы жоспарланып, әр түрлі әдіс- тәсілдер қолданды. Сабаққа оқушылар белсенділікпен қатысты. Сабақ мақсатына жетті. Оқушылар дара және күрделі етістіктің ажыратады білді. 4- сыныпта дүниетану пәнінен «Менің құқықтарым және менің міндеттерім» атты сабақты Шакенова Ш.К. өткізді. Сабақ жақсы өтті. 4-сынып оқушылары өз міндеттерін және құқықтарының біледі. 1-сыныпта ана тілі пәнінен «Теңге алу» заттың атын білдіретін сөздер тақырыбында ашық сабақ өтті. Өткізген Шакенова Ш.К. оқушылар сабаққа белсенді қатысып, заттың атын білдіретін сөздерді мәтіннен таба білді. Сабақ мақсатына жетті. Оқушылардың логикалық ойларын, танымдық қабілеттерін дамыту үшін «Миллион кімге бұйырады?», «Сынып дарабозы» атты сыныптан тыс іс шаралар өткізілді. «Миллион кімге бұйырады?» сайысына Аммири Альтаир мен Дәуіт Сезім қатысып нәтижесінде Дәуіт Сезім жеңімпаз атанды. «Сынып дарабозы» сайысына 2-4 сыныптардан 10 оқушы қатысып нәтижесінде 4-Сынып оқушысы Аммири Альтаир жеңімпаз атанды. Ата- анамен оқушыларды салауатты өмір салтын сақтау мақсатында «Толағай» отбасылық сайысын дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Мағзумов Т.У. өткізді. Бұл сайысқа 6 отбасы екі топқа бөлініп қатысты. «Сұңқар», «Құлагер» топтары. Сайыстың қорытындысы бойынша «Сұңқар» тобы жеңіске жетті.

Музыка пәнінің мұғалімі Апушев А.Д. ұйымдастыруымен «Екі жұлдыз» сайысы өткізілді. Сайысқа 6 жұп қатысты. Екі жұлдыз атанған жұп Алибекова Ақжарқын мен Алибекова Еркежан. 1 орын Аммири Альтаир мен Турсумбаева Айбота, 2 орын Дәуіт Сезім мен Дәуіт Айару, 3 орын атанған Сагинтаев Арнұр мен Рамазан Ақбота, «Көрермендер көзайымы» номинациясын Шуганова Зере мен Алибекова Еркежан, «Белсенді жұп» номинациясын Иманкулов Алдияр мен Таукелова Айсана иеленді. Онкүндіктің жабылуында балалар жазушыларының өлеңдерін жатқа айту сайысымен қорытындылады. Мәнерлеп оқу сайысында 1 орында 2- сынып оқушысы Айдарбек Ислам, 2 орынды Дәуіт Сезім, 3 орынды Алибекова Ақжарқын иеленді. Онкүндікке барлық оқушылар белсенділікпен қатысты.

Жетістіктер	Мәселелер	Шешу жолдары:
<p>1.Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық сайыстарына белсенді қатысып, жүлделі орындарды иелену..</p> <p>2. Бастауыш сынып білім алушылармен «Сезам» қуыршақ үйірме жұмысының жүйелі жүргізілуі.</p>	<p>1.Оқу техникасының төмендігі</p> <p>2. Бастауыш сынып оқушыларының ғылыми жобалар сайыстарына қатыспауы.</p> <p>3. Оқушылардың сауатты жазу каллиографиясы төмен.</p>	<p>1.Оқуға құштар мектеп жобасы арқылы оқушылардың оқу белсенділіктерін арттыру.</p> <p>2.Оқушыларды ғылыми жоба конкурсына қатыстыру үшін жоспар құрып, ғылым-шығармашылық сыртқы ортатармен байланыс жасау.</p> <p>3.Бастауыш сынып оқушыларының жазу каллиграфиясын арттыру үшін қосымша мектепішілік көркем жазу сайыстарын ұйымдастыру, мониторинг жасау.</p>

Қоғамдық –гуманитарлық әдістемелік бірлестігі.

Тақырыбы: «Қоғамның талабына сай оқушылардың функционалдық сауаттылығын , бейіндік қабілетін арттыра отырып дамыту»

Әдістемелік бірлестік жұмысының тақырыбы: «Тұлғаның мектепте алған білімі мен білігін, дағдысын адамзат қызметінің әр саласында қолдану».

Әдістемелік бірлестік жұмысының мақсаты:

«Қоғамның талабына сай оқушылардың оқу сауаттылығы қабілетін арттыра отырып жеке тұлғ қалыптастыру»

Әдістемелік бірлестік жұмысының міндеттері:

-Мұғалімнің кәсіби құзіреттерін арттыру;

-оқу сауаттылығын жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып дамыту;

-Педагогикалық кадрлардың білім жетілдіру деңгейлерін көтеруге жағдай жасау;

-Дарынды оқушылармен жұмысты жетілдіріп, дамыту;

-Үлгерімі төмен оқушылардың білім сапасын көтеру.

Қоғамдық-гуманитарлық бірлестік жалпы 7 қызыметкер жұмыс атқарады. бесеуі пән мұғалімдері, 1 психолог және кітапханашы бар.

Ұстаздардың сапалық құрамы санаттары бойынша : санатсыз -1 мұғалім, педагог - модератор -1, педагог- эксперт -4.

Биылғы оқу жылында білім жетілдіру курсынан өткен ұстаздар Тогтасын Жанаргүл Білім беру ұйымдарының педагогтеріне және бейіні бойынша мамандарға арналған «Дебаттар: бұқаралық пікір сайыс жүргізу теориясы мен тәжірибесі негіздері» Психолог Мазанова С.Р. «Заманауи жағдайында білім алушылардың кәсіптік бағдарлауын жүргізу үшін педагогтардың құзіреттілігін дамыту» және «Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу»курстары.

Мұғалімдердің жетістіктері:

Тогтасын Жанаргүл	<p>2022жыл аудан әкімі А.Балғабаев «Алғыс хаты».</p> <p>2023 жыл аудан әкімінің м.а. Т.Кобайдаров «Алғыс хат»</p>
-------------------	---

		<p>2023 жыл «Мемлекеттік тіл-ұлт бірлігінің басты факторы» тақырыбындағы облыстық семинарда тәжірибесімен бөліскені үшін сертификат.</p> <p>2023 жыл «Оқушыны оқуға ынталандыру тәсілі ретінде мәтінмен жұмыс істеу тәсілдері» тақырыбындағы облыстық семинарда тәжірибесімен бөліскені үшін сертификат.</p>
Айгожин Сагдатович	Қуан	2023 жыл аудандық «Үздік жыл мұғалімі» сайысында «Шебер ұзтаз» номинациясы.
Шуганов Беконевич	Жанат	<p>2023 жыл «Үздік оқу – әдістемелік материал» конкурсына қатысқаны үшін Сертификат.</p> <p>2023 жыл Облыстық «Үздік оқу – әдістемелік материал» конкурсының аудандық кезеңінде «Үздік авторлық бағдарлама» бағыты бойынша II орын.</p>
Мазанова Рахановна	София	<p>Аққулы ауданының әкімі А.Балғабаев «Алғыс хат» Павлодар облысының білім беру басқармасы «Алғыс» берілді.</p> <p>«Төтенше өнеркісіптік революция жағдайында адами капитал» тамыз кеңесінің секцияларын қатысқаны үшін сертификат.</p> <p>«Кәмілетке толмағандардың тәуелділік мінез-құлқының алдын алу шаралары» республикалық семинарға қатысты. Сертификат</p>
Шакилова Гафуровна	Айнұр	<p>2023 жыл «Жыл тәлімгері» 2орын.</p> <p>Кәсіподақ ұйымы төрайымы Оспанова А.Н.«Алғыс хат».</p>

Қоғамдық- гуманитарлық пәндер бойынша жылдық оқу, үлгерімдері Былтырғы оқу жылғының сапасымен биылғы 2022-2023 оқу жылының сапасын салыстырғанда, қазақ тілі мен ағылшын тілінен және орыс тілінен де сапа пайызы өсті. Қазақ тілінен 9,7 % ға, ал ағылшын тілінен 13,6, ал, орыс тілінен 18.7 сапа пайызы былтырғы оқу жылмен салыстырғанда өсті. Тілдер айлығының қорытындысы: «Қазақстан Республикасының тілдерді қолдану мен дамыту» бағдарламасына байланысты 2022 жылдың 1 қыркүйегінен 30 қыркүйек аралығында «Тілдер айлығы » шеңберінде мынадай іс-шаралар өткізілді.

1 қыркүйек «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңын іске асыру жөніндегі мекеменің іс-шаралар жоспарын құру.Жоспарланған іс-шаралар бойынша келесі кезекте «Бір ел- бір кітап» республикалық акция шеңберінде «А.Байтұрсынов –тарихи тұлға» көрмесін ұйымдастырылып оқырмандар назарына ұсынылды.Табиғат аясында тілдер айлығының жоспарына сәйкес 5-10 сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж. Тоғтасын

А.Байтұрсыныптың өмір, шығармашылығынан мағұлымат берсе, оқушылар ақынымыздың өлеңдерін, нақыл сөздерін мәнерлеп оқыды.

«Тілдің мерейі-елдің мерейі» тақырыбында сынып сағаттары. «Оқуға құштар мектеп» Республикалық балалар оқулары байқауының мектепшілік кезеңіне 10оқушы қатысты. Нәтижесінде 3-4-сыныптар арасында Дәуіт Сезім, 5-6-сыныптар арасында Бұраханова Жансая, 7-8-сыныптар арасында Иманкулова Анель, 9-10-сыныптар арасынан Толегенов Мейіржан аудандық кезеңге жолдама алды.

А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған 8-11-сынып оқушылары арасында жалпықазақстандық ашық диктант жазды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында М.Әуезовтың 125 жылдығына орай 5-8-сыныптар арасында «Көксерек», «Қыр суреттері», 9-10-сынып оқушылары арасында «Абай жолы» романы бойынша танымдық сағаттар өтті.

9-10-ыныптар арасында Ұлы жазушы М.Әуезовтың «Абай жолы» романын қалай жазғаны, жазу барысында қандай мәліметтерді қалай жинақтағаны және Абай Құнанбайовтың әкесі, аналары, туған туыстары, бауырлары, достары туралы мағлұмат берілді. Суреттер көрсетіліп, Абайдың ата-тегі кіммен- кім тарағаны жайлы көптеген мәліметтер айтылды. Мухтар Әуезовтің 125 жыл толуына орай "Әуезов әлемінде" атты кітап көрмесін ұйымдастырып оқушылар арасында шолу өткізді. Тілдер айлығының жоспарына сәйкес жазушы, ақын, драматург М.Шахановтың 80 жылдық мерейтойына арналған «Жыр мұхитының жүрдек кемесі» атты әдеби сазды кеш өтті.Кештің мақсаты: Қазақ поэзиясындағы өзіндік орны бар М.Шахановтың өмірі, шығармашылығы туралы мағлұмат бере отырып жырларының құдыретін сезіну, әсем әннің әуенін сезініп, сөз өнерімен өрнектелген жырларын оқушылар бойына дарыту.Кешке 3-10 сынып оқушылары және мұғалімдер қатысты. Кештің барысында М.Шахановтың өмірбаяны, шығармашылығы, естеліктер, өлең, әндері айтылды.

Кешіміздің шымылдығын бастауыш сынып мұғалімі Ш.К.Шакенова М.Шахановтың сөзіне жазылған «Өмір өзен» әні орындаса, 3-сынып оқушылары «Туған күн кешінде» әнін шырқады.Сонымен қатар, оқушыларымыз ақынның «Төрт ана», «Ғайша», «Жігіттің екі сипаты», «Жігерлендіру», «Мен саған ғашық едім», «Бүркіт тағдыры», т.б өлеңдерін нақышына келтіре мәнерлеп оқыды.

«Отырар» дастанынан үзінді 5- сынып оқушысы Алтынбек пен 8- сынып оқушысы Айтимов Али көрініс қойды. «Қазақ валысінің король» атанған Ш.Қалдаяқовтың әніне М.Шахановтың сөзіне жазылған «Арыс жағасында» әнін хормен айтты.

Кеш сондай мазмұнды да, тартымды өтті.Ақынның өлеңдері мен әндері балалардың есінде қалады деген сенімдеміз.

Тіл айлығы шеңберінің қорытындысы ретінде «Тіл-достықтың құралы» атты фестиваль өтті. Фестивальге «Балауса» шағын орталығы мен даярлық тобы – қазақ ұлты болып киініп, қазақ ұлты жайлы мәлімет беріп, өнерлерін, тағамдарын дайындап көрсетті. 1,4 сынып оқушылары –татар ұлтының биін билеп неше түрлі тағамдарын жасады. 2,3 сынып оқушылары өзбек ұлты, 5-сынып –орыс ұлтының дәстүрлерін, жер аумағына, өнеріне тоқталып өтті. 6-7- сыныптар – испан елімен таныстырды.8-сынып украин ұлтын таныстырса, 9-11-сыныптар италия ұлты болды. Әр ұлт өз елінің жерін, ұлттық киімдерін, салт-дәстүрлерін, тағамдарын, ойындарын таныстырды.

Ашық сабақтар

Мектебімізде тілдердің онкүдік жоспары негізінде ашық сабақтар өтті. Қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәндерінен ашық сабақтар болды. Атап өтсек, 5- сыныпта

Тогтасын Ж «Хобби-ерікеннің ермегі емес», 8-сыныпта Б.Момышұлының « Ұшқан ұя », 8-сыныпта Қазақстан тарихы пәнінен «1920-1930 жылдырдағы саяси репрссиялар», 7-сыныпта «Кіші Ресей империясына қосылуының аяқталуы». Сабақтар мақсатына жетті. Әріптестер сабақтарға қатысып оң бағасын берді. Мектепшілік пән олимпиадалары өтілді.

Қазақстан тарихы пәнінен мектепшілік олимпиадаға 14 оқушы қатысты. Олимпиада тапсырмалары 2 айналымнан тұрды. 1 айналым теориялық білімді тексеру мақсатында тест тапсырмасынан тұрды. 2 айналым логикалық тапсырма берілген болатын. Олимпиада қорытындысы бойынша аудандық олимпиадаға 7-сыныптан Қалаел Құралай жолдама алды. Нәтижесінде аудандық пән олимпиадасынан Қалел Құралай 2 орын алды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен 5-11 сыныптар арасында мектепшілік пән олимпиадасы өтті. Олимпиадаға жалпы 13 оқушы қатысты. 5 сыныптан 2 оқушы, 6-сыныптан-1 оқушы, 7 сыныптан 2 оқушы, 8 сыныптан 6 оқушы, 9-сынып- 2 оқушы, 10- сыныптан 1 оқушы. Тапсырмалар 2 турдан тұрды. I тур шығарма, эссе жазу (20-25балл). II- тур оқылым, мәтінмен жұмыс және талдаулар (20-25 балл). Әр сыныптың деңгейіне қарай тапсырмалар берілді. Екінші турда 3-4тапсырмалар 5,10 бойынша берілді. Олимпиада қорытындысы бойынша 5-сыныптан Нұрбекұлы Алтынбек 3 орын, 7-сыныптан Қалел Құралай 2 орын, толегенов Мейіржан 3 орын, Иманкулова Анель мен Иманкулова Жанар 1 орын иеленді.

Оқу шапшаңдығы:

Желтоқсан айында қазақ тілінен жаппай 5-11 сыныптардың оқу жылдамдығы тексерілді. Әр сыныпқа берілген нормаларға оқушыларымыздың көбісі дерлік жетпей тұр. Осы олқылықты жою мақсатында Тоғтасын Жанаргүлдің ұсынысымен «Оқуға құштар мектеп» жобасына ерекше көңіл бөліп, барлық білім алушылармен қатар ата-аналарды да қызықтырып, кітап оқуға тарта білді. Бұл жобаға мектебіміздің 2-10-сынып оқушылары мен ата-аналары түгелдей қатысты. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай көркем кітап таңдалып берілді. Білім алушылардың оқуға деген қызығушылық, кітап арқылы қоршаған әлемді тану балаларда мектеп қабырғасынан қалыптасуы керек деп есептейді. Жалпы алғанда бұл жоба бүкіл мектеп ұжымын, оқушыларды, ата-аналарды қамтуды, жүргізілетін жұмыстардың нәтижеге бағытталуын мақсат етеді. Қазіргі заманда оқушыларымыз ғаламтор бетіне байланған заманда бұл жобаның тигізер пайдасы мол деп есептейді.

Мектеп оқушыларын кітап оқуға тарту, сауалнамадағы олқылықтарды жою барысында мектебімізде «Ертегілер елінде», «Кітаппен бірге жаңа әлемді ашамыз», «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ», «Отбасыммен кітап оқимын», «Ата-анаммен оқимын», «Менің кітапханам», «Бізден базарлық» челендж, «Менің сүйікті кейіпкерім», «Сүйікті кейіпкеріңді сомдай аласың ба?», «Сыныбыммен оқимын», «Үздік оқырман», «Мен сыйға тартқан кітабым» сияқты жұмыстар атқарылуда.

Балаларды кітап оқуға тартудың тағы бір әдіс-тәсілі ретінде қазақ ертегілерін насихаттау арқылы оқырманның бойына рухани құндылықтарды ұялату мақсатында бастауыш сынып оқушылары арасында «Әжемнің ертегілері» атты оқуы ұйымдастырылды.

«Балалар жылы» шеңберінде балалардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру, қазақ және шет ел әдебиетін терең зерттеуге шақыру мақсатында «Республикалық балалар оқулары» байқауының мектепшілік кезеңінде жеңіске

жеткен 4 оқушының аудандық кезеңінде үшеуі орын иеленіп, 1 оқушы облысқа жолдама алды.

Бірден –бір рухани қазына ордасы мектеп кітапханасы. Мектеп кітапханасы-кітап арқылы оқушылардың жан-жақты білім алуымен қатар патриоттық рухта тәрбиеленуде, оқу мәдени дәрежесіне әсер ететін бірден –бір әлеуметтік орын. Оқушылар кітапханаға барып, қажетті кітаптарын алады. Оқушыларды кітап оқуға тарту үшін әдеби, мәдени, рухани, танымдық шаралардың тигізер пайдасы зор. 5-сынып оқушыларының арасында Б.Соқпақбаевтың «Менің атым -Қожа» повесі оқып, оқушылар арасында пікірталас ұйымдастырдық. Қожаның әрекеті дұрыс па бұрыс па ? Қожаға қандай бала? Пікірталас өте тартысты өтті. Көбісі Қожаның қылығын жақтаса, кейбір оқушылар қарсылық білдірді. Әр оқушы өзінің ойын дәлелді жеткізе білді. Оқушылардың жаттау, актерлік қабілетін арттыру барысында Қожаның монологін жаттап, пародия жасады. Бастауыш сынып оқушылары арасында «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» атты сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу, жаттау қабылеттерін, тапқырлықтарын арттыру. «Кітаппен бірге жаңа әлемді ашамыз» атты экскурсияға мектебіміздің 1 сынып оқушылары қатысты. Оқушылардың кітап оқуға құштарлықтарын ояту, кітапқа деген қызығушылығын арттыру. «Отбасыммен кітап оқимын!» атты видео роликтер түсірді. Бұл видео роликтің мақсаты отбасымен кітап оқуға құштарлық таныта отырып, көркем шығарма оқуға қызығышулығын арттыру. Бейнероликте оқушы отбасыдағы әр мүшенің сүйікті кітаптарымен таныстырады. Өзі оқыған кітаптарының ішінен ең қызықтыларын оқуға кеңес береді. «Бір ел, бір кітап акциясы» бойынша: «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» атты тақырыптық сөре ұйымдастырылып, оқушылармен шолу өткізілді. Оқушылар кітапханада қоңырау арасында 20 минут кітап оқуды жалғастыруда. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша стенд жасалынды. Биылғы оқу жылына жоспарланған жұмыстардың көбі орындалды.

Әлді жақтары-Оқушыларымыз республикалық, облыстық, аудандық оқуларында жүлдегер атануда. -Облыстық олимпиада, сайыстарда жеңімпаздардың болуы;- Мұғалімдеріміз облыстық семинарларда өздерінің тәжірибесімен бөлісті.

Әлсіз жақтары: -Аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда мақалалардың жарияланбауы;

2023-2024 оқу жылы

Бастауыш сынып бірлестігінің мақсаты:

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестікте 2024 оқу жылында 3 бастауыш сынып мұғалімі, «Балауса» шағын орталықта 2 тәрбиеші жұмыс істейді. 2 мұғалім мен 1 тәрбиешінің білімі жоғары, 1 тәрбиешінің және 1 мұғалімнің білімі арнаулы орта.

Педагог- сарапшы 1 мұғалім. Санаты жоқ 2 мұғалім және 1 тәрбиеші.

Бірлестік бойынша 5 отырыс жоспарланды 5 отырыс өтілді. Бірінші отырыста қаралған мәселелер бастауыш бірлестік мүшелерін нормативтік құжаттармен таныстыру жаңа оқу жылына жұмыс жоспарын жасау, бекіту

Мектебімізде Республика күніне орай Сұлтанмахмұт торайғыровтың 130 жылдығына орай өткізілген «Талантыңмен таныл» атты аудандық квест ойыны өткізілді. Ойынға Потанин, Шабар, Тлектес Ямышев және өзіміздің мектебіміздің бастауыш сынып оқушылары қатысты. Осы қатысқан оқушыларды 3 топқа бөліп тапсырмалар берілді. Оқушылар квест ойындарына белсендікпен қатысты. Барлық қатсқан оқушыларға сертификат табысталды. 4-сынып оқушылары және 3-сынып оқушылары күзгі демалыс кезінде мектепте олар 1-ші сынып оқушыларына және

Отбасы күніне арналған "Отбасы құндылықтары" тақырыбында дүйсенбілік апталықтың ашылуы өткізілді. Жоспар негізінде «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында суреттер байқауы, тәрбие сағаттары мен «Менің спорттық отбасым» ата-аналардың қатысуымен спорттық іс-шара өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, ата-аналарға, үлкендерге құрмет көрсету.

Мектепте спорттық іс-шаралар ай сайын жоспар негізінде өткізіліп отырады. Қыркүйек айында Дүниежүзілік тазалық күніне оқушылар мен мектеп ұжымы белсенді қатысты. Барлық сенбіліктерге оқушылар мен ұстаздардың қатысуымен ұйымдастырылады. Жасқыран LIFE" облыстық жобасының 1 кезеңі 28 қыркүйек күні "Күшті, епті, жылдам!" спорттық эстафетасы өткізілді. Іс-шараның мақсаты: жасқырандықтардың салауатты, белсенді өмір салтын насихаттау.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, Тоғыз айға 9 іс шара" тұжырымдамасының бекітілген жоспар негізінде 5-6 сынып оқушыларымен "Бізді ақылды ететін кітап-дана" кітаптар керуені ұйымдастырылды.

Жол қауіпсіздігі, травматизмнің алдын алу мақсатында қыркүйек айында «Жол және балалар!» апталығы ұйымдастырылды.

Балалар жарақаттануының, жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында 1-4 сынып оқушыларында "Жолда жүру ережелері" тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Мектепте жол жүру қауіпсіздік бұрыштары мен ақпараттық стенд әзірленді. Сынып жетекшілер тарапынан (бастауыш сынып) үйден мектепке және кері қарай қауіпсіз маршрут әзірленді.

Құқық бұзушылықтың, буллингтің, зорлық-зомблықтың алдын алу бойынша 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстың анықтамасы

Мектептегі құрылған құқық тәрбие мен құқықбұзушылықтың алдын-алу кеңесінің жұмыс жоспары құрылып, бекітілген. Жыл бойынша құрылған жұмыс жоспарымен кеңес мүшелері толығымен таныстырылды. Жоспарға сай жоспарланған жұмыстар толығымен өтілуде. Сабақты себепсіз көп қалатын және тәртіп бұзатын оқушылар анықталмады. Кеңес мүшелері үнемі қадағалап отырды. Кешкілік уақытта көшеде себепсіз оқушылардың жүрмеуін тәртіп сақшылары мен кеңес мүшелері және сынып жетекшілер жұмыс жасады. Үнемі ата-аналармен кеңес мүшелері тығыз байланыста болды. Оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауын және тәртібін кеңес мүшелері сынып жетекшілерімен үнемі сөйлесіп, отырыстар өткізді.

Мектеп психологінің ұйымдастыруымен 7-11 сынып оқушылары арасында «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шараның негізгі мақсаты құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түсіндіру, құқықтық сауатқа тәрбиелеу, өз ойларын еркін айтуға үйрету. Жасөспірімдер арасындағы әлімжетік, бопсалау және басқа да қылмыстық

фактілерді анықтау бойынша оқушылар арасында жасырын сауалнама алынды. Сауалнама барысында бопсалау әлімжеттік факторлары анықталмады.

5-7 сыныптар арасында психолог Мазанова С.Р. ұйымдастыруымен «Мен және менің құқығым» атты дөңгелек үстел өз деңгейінде болып өтті. 9-11 сынып оқушыларымен «Заң бәрімізге ортақ» тақырыбында тренинг өткізді.

Сынып жетекшілер «Тәртіп және біз», Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. .

Мектеп парламенті өзін өзі басқару ұйымы «Мен буллингке қарсымын!» бейнеролик түсірді. Мақасты мектептегі буллингтің алдын алу және онымен күресу жолдарын түсіндіру болды.

«Ата-аналарады педагогикалық қолдау» сабақтары бойынша ата-аналармен коучингте буллингтің, аутодиструктивті мінез құлықтың алдын алу, құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша талқыланды.

«Кибербуллинг құрбаны» тақырыбында Ювеналдық полиция қызметкерлерінің оқушыларымен кездесуі

«Бала қауіпсіздігі басты міндет» Оқушылардың өмір қауіпсіздігі, қауіпсіздік ережелері туралы оқушылармен, ата-аналара түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік желілерге де жадынамалар жаряланады.

Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" республикалық науқан аясында 1-9 сыныпта "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы елімізде заң бар екенін ескерту.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Адал ұрпақ» клубының жұмысы

2023-2024 оқу жылында «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмысы жалғасын табуда. Ұйым мүшелері сайланып жұмыстар атқаруда.

Ұйымның қызметі өзінің жеке жұмыс жоспары, мақсаты, міндеті және ұраны бар және сенім жәшігі, сенім телефоны жұмыс жасайды. Ал, жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін 6 және 10-сынып аралығында жүргізуді жөн көрдік, әрине, сол жас ерекшеліктеріне қарай!

Әр оқу жылының басында «Адал ұрпақ» клубының жұмыс жоспары, жауапты тұлғалар тағайындалып, ұжымға таныстырылады, сонымен қатар арнайы білім басқармасының хатына сәйкес әртүрлі қажеттіліктерге ақша жинамау туралы бұйрық шығарылып, мұғалімдер мен ата-аналар танысып, қол қойып, бұйрық фойеге ілінеді. Педагогикалық кеңес отырысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты және этика кодексі қаралып, бекітілді. Мектеп қызметкерлері мен жұмысшылары қызметтік әдеп кодексімен таныстырылды. Ата-аналар жиналысында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында құқықтық сауаттылығын арттыру жиындар өткізілді. Әрбір оқу жылында жаңартылып отыратын «Парасатты азамат» бұрышы жасалып, жауапты адамдар жоспарға сай жұмыстар жүргізді. Қазіргі кезде, жалпы бұл ұйымда 10 бала мүшелік етеді. Бұл «Адал Ұрпақ» еріктілер клубының жетекшісі – тарих пәнінің мұғалімі- және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қадағалайды. Мектеп регламент пен стандартты сақтай отырып қызмет көрсетеді және мектеп сайтына орналастырылып отырады. Ұйымның ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметіне

байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша мүдделер қақтығысы, жалпы қызметкерлер мен басшы арасында және оның орынбасарларымен үлестестік фактілер болған жоқ, ұжым тұрақты.

ҚАТЫГЕЗДІК ПЕН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ НАУҚАН БАСТАУ АЛДЫ

Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен Қазақстанда БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын ратификациялау аясында 8-20 қараша аралығында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқаны өтеді.

Науқанның мақсаты – ересектер мен балаларды қоса алғанда, қоғамның балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездік проблемасы, оның бала мен қоғам үшін салдары, сондай-ақ осы саладағы халықаралық заңнаманың негіздері туралы хабардар болуын арттыру.

Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай сынып сағаттары мен шығармашылық сағаттар өткізілді.

Қазіргі таңда, «Адал ұрпақ» еріктілер ұйымының рөлі орасан зор! Себебі ол патриоттық клуб. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері: мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Осындай міндеттерді негізге ала отырып, «Адал Ұрпақ» ұйымының әр оқу жылына жұмыс жоспары бекітіледі. Жұмыс жоспарына сай «Адал ұрпақ» патриоттық клубы мүшелерінің отырысы, сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер, пікірталас практикұмдары, елімізге танымал тұлғалармен адалдық сағаттары, оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру бағытында өткізілуде.

Есірткілерді, спирттік ішімдіктерді, темекі өнімдерін пайдалану бойынша өткізілген іс-шараларға ақпарат

Ямышев ауылдық округінің инспекторы Сыздықов Р.Б. 6-11 сынып оқушыларымен жалған терроризм, нашақорлық, алаяқтық, ғаламтордағы алаяқтық тақырыптарына кездесу өткізді. Оқушыларға аталған құқық бұзушылықтар мен зиянды әдеттердің зардабы туралы, ол үшін туындайтын жауапкершілік жайлы айтылды.

Жоспар бойынша «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» атты 8-11 сыныптар арасында акциялар өткізілді. Акция барысында флешмоб, сынып сағаттары, спорттық жарыстар және т.б. шаралар ұйымдастырылды. Мектеп оқушылар арасында «Біз есірткісіз өмірді таңдаймыз!» плакат және сурет байқауларын қала мектептер арасынада және мектепішлік 5-7 сынып оқушылар арасында ұйымдастырылды.

Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары мен өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен мектеп айналасына «Жоқ деп айта біл!» «Электрондық темекіден бас тартудың себептері», вейп туралы мифтер мен шындық», «Абайлаңыз электронды темекі» тақырыбында жарнамалар орналастырып, зиянды заттарға қарсы үгіт насихат жұмыстарын жүргізді. Дене шынықтыру пәнінің

мұғалімдерінің бастамасымен жасөспірімдерді спорттық секцияларына тартып, баскетбол, футболдың ойнау қырларын үйретті.

Нашақорлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша «Нашақорлық –ғасыр дерті» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында сынып сағаттар, «Тұмау белгілері, емделу шаралары, алдын алу» тақырыбында тренинг 5-8 сыныптар арасында, «ЖИТС –XXI ғасыр індеті» тақырыбында ашық семинар 9-11 сыныптар арасында. «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді.

«Отбасы күні» «Менің отбасым» фотокөрме

Ел Президенті мемлекет - отбасыдан басталатынын және біздің қоғамда негізгі отбасылық құндылықтарды нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударып отырғандығын атап өтуіміз керек. Отбасы күнін Мемлекет басшысының Жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісінде аталып өтіледі. Яғни 11 қыркүйекке сәйкес келеді. Осыған байланысты мектебімізде Әр оқушының отбасыларының суреттерінен фотокөрме ұйымдастырылды.

«ТОҒЫЗ АЙҒА – 9 ІС-ШАРА» жобасы

“Асық ату” челленджі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекітілген «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы бойынша «Асық ату» челленджі өтті.

Мақсаты: білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау.

Міндеттері:

- қазақ халқының ұлттық ойындарын жаңғырту және насихаттау;
- қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қастерлеу;
- оқушыларды асық ойынына баулу.

ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектепшілік өткізілген "Білім кітапта" жобасы

2021-2025 жылдарға арналған «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту жоспары негізінде «Білім кітапта» атты мектепшілік жоба жалғасын тауып келеді. «Кітаппен бірге өсеміз» акциясында ұжым мүшелері, ата-аналар және оқушылар тарапынан кітапхана қоры толықтырылды. Мақсаты: Кітаптың мәртебесін көтеру, кітап оқуды сәнге айналдыру, өмір бойы өзін-өзі жетілдіруді және білім беруді қолдау. Мектеп кітапханасындағы көркем әдебиеттер қорын көбейту. Сонымен қатар мектептің бірінші қабатындағы дәлізде кітап оқу бұрышы ұйымдастырылды. «Мен оқыған кітаптар және менің сүйікті кейіпкерлерім» 4-9 сыныптар арасында буктрейлер ұйымдастырылды.

Жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу, тазалық, гигиена туралы мектеп психологі мен «Аялы алақан» аналаркеңес қыздармен ай сайын отырыстар, тренинг, шығармашылық сағаттар ұйымдастырады.

«Жылу жүрек» еріктілер жасағы ауылымыздың жалғыз басты қарт адамдарына барып ауласын тазалап көмект көрсетті

25 Қазан Республика күні мерекесіне орай «Мәңгілік жаса, қыран елі Қазақстаным!» атты іс – шара жоспары жасалып, бекітілді. 24 қазан күні «Мәңгілік

ел-Қазақстан» атты мерекелік концерт өткізілді. Апта барысында облыстық «Менің Туым» жобасы аясында ту макеттері байқауы ұйыжастырылды.

25 қазан-Республика күніне орай республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" ұйымына салтанатты түрде қабылдау рәсімі!

Біртұтас тәрбие бағдарламасы

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Міне, сондықтан Ұлттық құрылтайдың отырысында Мемлекет басшысы білім беру саласына қатысты бірқатар негізгі міндеттерге тоқталған болатын. «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері енгізіліп жатыр. Жаңа оқу жылынан бастап 2023-2025 жылдарға арналған Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылуда. Бұл құжат жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған.

Осы ретте Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша 07.09.2023 жылы түсіндірме және талқылау директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары сынып жетекшілер, психолог, аға тәлімгердің қатысуымен түсіндірмелі жұмыстары жүргізілді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен бересін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдікті ұстануға баулу және құқықтық мәдениетін бойына қалыптастыру.

«Ата-аналарға педагогикалық қолдау» орталығы бойынша мектепшілік бұйрық шығарылып, жоспар құрылды. Жоспар негізінде 1-4 сынып, 5-11 сыныптарда ай сайын ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып отырылды.

«Даналық мектебі» аясында мектепте аналар кеңесі жұмыс жасайды. Жоспар бойынша ай сайын оқушылардың қатысуымен іс-шаралар өткізілді. Барлық өткізілген шаралар мектеп инстаграм парақшасында, мектеп сайтында жарияланып отырылады.

Ата – аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталықтарындағы сабақтардың мазмұны орта білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың әл – ауқатты контексіндегі ұлттық құндылықтарға негізделеді. Педагогикалық қолдау 1-11 сынып оқушыларының ата – аналарына арналған бағдарламаларды таңдауына сәйкес жүзеге асырылады. Педагогикалық қолдау бағдарламасы әр буын бойынша жыл көлемінде сегіз сабақты қамтиды.

Ата – аналардың педагогикалық қолдау орталығының негізінде «Даналық мектебі» клубы құрылды. «Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру

ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылады.

✓ **«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты** – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

Клубтың міндеттері:

- ▶ аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ▶ ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- ▶ өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.
- ▶ **«Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже:**
- ▶ позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану.

Даналық мектебінің жұмысы жүйелі түрде атқарылды.

Нәтижесінде: Ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Ата – аналармен жұмыс.

Мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігінің бір ұшы ата-аналар мен қоғамдастықпен мектептің бірлескен әрекетінде екені еш уақытта күмән туғызбайды. Бала тәрбиесі мен дамуындағы басты рөл атқарушы отбасы. Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы - ата-анасы. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығын жүзеге асыруда сынып жетекшісі негізгі рөл атқарады. Сынып жетекшісінің жұмысынан отбасы мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің мәні мен маңызын, ұстанатын бағыттарын түсінеді әрі оған қатысады. Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беруде ата – ана - оқушы - мұғалім үштік одағы тығыз жұмыс атқарады. Әртүрлі формада ата – аналар жиналысы, оқулары өткізіледі.

«Отбасындағы зорлық зомбылыққа жол бермейік» тақырыбында ата – аналармен тренинг ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым – қатынасты қалыптастыру. Ата – аналар топтық жұмыстар орындады, сұрақтарға жауап беріп, өз ойларымен бөлісті.

«Біртұтастәрбиебағдарламасында» көрсетілген 3 құндылық бойынша жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысы барысында белгіленген 3 құндылықтың өзіндік мақсаттарын орындау басшылыққа алынды. 3 құндылықты негізге ала отырып, тәрбие сағаттары, сыныптан тыс іс – шаралар атқарылды.

1. Құндылық: Ұлттық мүдде.

-Отаншыл, мемелкетшіл және намысшыл

-Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді

-Елінің тарихын құрметтейді

-Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді

-Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды.

1 қыркүйек- Білім күніне арналған "Сыңғырла,қоңырау, сыңғырла" атты салтанатты жиын болып өтті.

1 қыркүйек - Білім күніне арналған "Мектебім - мейірім мекені"атты 1-11 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілді.

Оқушылардың жазғы демалыс уақыттарын тиімді өткізу мақсатында 1-4 сынып оқушылары "Жазғы каникулдан жарқын естелік", "Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім". 5-8 сынып оқушылары "Менің саяхатым", "Менің туған өлкем", "Жазғы демалыста мен жасаған игі іс". 9-11 сынып оқушылары "Менің үлкен сыныптастарым", "Менің ойларым, армандарым, үміттерім", "Болашақ менің қолымда"тақырыптарында бейнероликтерін жасады.

- 2023-2024 оқу жылы тәрбие жұмысы келесідей 3 құндылықпен тәрбие жұмысы жүргізілді, оған қоса «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер», «Оқуға құштар сынып» жоба жұмыстары кіріктірілген 3 құндылыққа шоғырланған жоспарланды.
- Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табу қажет.
- Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады. 2023-2024 оқу жылында ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда жұмыс жүргізу «Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығы» , «Даналық мектебі» ,«Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс ісшараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады. Барлық жоба бойынша ай сайын іс-шаралар жоспар негізінде ұйымдастырылды.
- Білім беру ұйымдарындағы тәрбие мен оқытуда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың бойында адами қасиеттерді қалыптастыруға басымдық береді.
- Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде: – ар-ұждан, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастыру және ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану тәрбие жұмысының жылдық жоспарындағы іс-шаралар мен сынып сағаттары өткізілді.
- **3. Құндылық: Талап.**
- **-Жан мен тән тазалығын сақтайды**
- **-Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді**
- **-Қоршаған орта тазалығын сақтайды**
- **-Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық**

- *Ізденімпаз, жасампаз тұлға*

Қыркүйек айында дене шынықтыру пән бірлестігінің ұйымдастыруымен «Дене тәрбиесі – салауатты өмір салты» атты тақырыпта фестивал ұйымдастырылып өткізілді. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 1-4 сынып оқушылары арасында таза ауада ойындар өткізілді.

Облыстық "ЭКОboom" экологиялық жобасының "Құстарға арналған кафе" науқанына бастауыш сынып оқушылары белсенді қатысты.

Оқушыларды бос уақытын биімді ұйымдастыру мақсатында спорттық үйірмелер жоспарға сай өткізіледі.

«DosbolLIKE» Білім беру ұйымдарындағы балаларды қорлаудың (буллингтің) алдын алу бағдарламасына сәйкес 1-11 сынып оқушылары үшін сабақтар негізінде жобалық іс-шараларды ұйымдастыру жобалық іс-әрекеттер – білім алушыларға топта жұмыс істеуге, өмірлік және академиялық мәселелерді бірлесіп шешуге үйрену мен коммуникативті дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін тиімді әлеуметтік-эмоционалды оқыту құралы. Білім беру ұйымдарындағы балаларды қорлаудың (буллингтің) алдын алуға арналған «DosbolLIKE» бағдарламасының ерекшелігі – 1-11 сынып оқушыларын әлеуметтік бағдарланған жобалық іс-шараларға тарту арқылы жүзеге асырылуда. Мектеп ортасында буллингтің алдын алу және болдырмау бойынша практикалық жұмыс мәселелері ашық күйінде қалып отыр. Сипатталған және енгізілген технологиялар, буллерлер және олардың құрбандарымен жұмыс жасаудың практикалық әдістері мен жаттығулары, алдын алу жұмыстарының сынақтан өткен формалары мен әдістері тым жеткіліксіз. Осыған байланысты мектептегі буллингтің алдын алу бойынша жұмыста мұғалімдерге практикалық көмек көрсету мәселесі өте өзекті. Білім беру ұйымдарында әлеуметтік бағытталған жобалық қызметке тарту арқылы балаларға қатысты буллингтің алдын алу тақырыбын қарастырады.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" "ДОСБОЛLIKE: Достық қолын ұсын" республикалық акциясы шеңберінде 2 ақпан күні 1-4 сынып оқушыларында "Достығымыз жарасқан" тақырыбында сынып сағаты ұйымдастырылды.

«Тоғыз айға тоғыз іс – шара» тұжырымдамасы.

Тұжырымдама өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынғы іс-шараларды өткізуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған. Іс-шараның тақырыптары, ережелері, мазмұны бірыңғай тәсілдеме арқылы жүзеге асырылады. Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығымен бекітілген.

Мақсаты: «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» аясында білім беру ұйымдарында іс-шаралар өткізудің мазмұнын мен бірыңғай тәсілдемесін әзірлеу.

Міндеттер: 1. Іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудің бірыңғай форматын әзірлеу; 2. Іс-шараларды өткізудің бірыңғай форматы арқылы білім беру ұйымдары арасында ынтымақтастық орнату; 3. Білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды дарыту 08.09.2023 ж күні мектебімізде "Сергіту сәті" челленджі ұйымдастырылды. Мақсаты: Балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

Қыздар, ұлдармен жүргізілген жұмыстар.

Мектепте «Аққу» қыздар клубы және «Мирас» ұлдар клубы жұмыс ажсайды. Ай сайын жоспарға сай оқушылармен дөңгелек үстел, спорттық жарыстар өткізілді.

5-11 сынып қыздарымен қыздардың жеке бас гигиенасы мен физиологиялық ерекшеліктері тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесуге мектеп медбикесі, кәмелеттік жасқа толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторлары қатысты. Қыздардың жеке бас гигиенасы туралы сұрақтар қойылып, қыздар өз ойларын ортаға салып, пікірлері тыңдалды.

"Түлектердің ағаш егу" челленджін мектеп түлектері қолдап, мектеп алаңына ағаш отырғызды. Қоршаған ортаға деген қамқорлық қана емес, сонымен қатар өз іздерін қалдыруға мүмкіндік, өздері туралы естелік, кейінгі ұрпаққа өзіндік тәрбие. Мектепте жылда «Жылу жүрек» еріктілер жасағы жоспарға сай іс-шаралар ұйымдастырып, ауылымыздың қарт адамдарына көмек көрсетеді.

1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Алтын балалық шақ» атты мерекелік концерт ұйымдастырылып, мектеп жанындағы «Бәйтерек» лагерінің салтанатты ашылуы өткізілді. Жаз мезгілінде 1-4 сынып оқушылары мектеп жанындағы лагерьде 1 ауысым бойынша демалады (1 ауысым 03.06-14.06.2023 ж.) және 5-8 сынып оқушыларына экологиялық, географиялық, спорттық бағытта бейіндік үйірмелермен қамтылды.

Жаз мезгілінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Қазақстан халқына» қорынан Көкшетау қаласындағы Боровое «Эдельвейс» сауықтыру лагеріне үздік оқитын 7 сынып оқушылары Толегенов Ақылжан, Нұрбекұлы Алтынбек, 6-сынып оқушылары Аммири Альтаир, Дәуіт Сезім шілде айында 10 күн аралығында демалады.

2023-2024 оқу жылында мектеп ішілік бақылауда тұрған оқушылар жоқ. Оқушыларға мектеп кітапханасынан тамыз айынан бастап кесте бойынша оқулықтар таратылды. Барлық оқушылар оқулықтармен 100% қамтамасыз етілді.

11 оқушы жалпыға бірдей білім беру қорынан тегін тамақтанды, 1-4 сынып оқушылары Павлодар облысы әкімдігінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 357/3 «Павлодар облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы №240 / 36 «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешімінің орындалуы туралы отырысында (XXXVI сессиясы, VI шақырылым)». Оқу жылының басында оқушыларды бос уақытын ұйымдастыру мақсатында 4 спорттық үйірме (Асық ату, үстел теннисі, волейбол, шахмат) және қызығушылығына қарай 3 үйірме («Жас мерген», «Шебео қолдар», «Сезам» қуыршақ театры) құрылды. Оқушылардың барлығы 100% қамтылды.

Мектептегі барлық атқарылған іс-шаралар

https://www.instagram.com/satybaldin_mektebi/ парақшасында жарияланып отырылады.

Спорттық секциялар және үйірме жұмыстары туралы анықтама білім алушылардың қызығушылығына қарай үйірме, секция жұмыстарын ұйымдастыру туралы ақпарат

С.Сатыбалдин атындағы жалпы орта білім беру мектебінде 2022-2023 оқу жылында көркемөнер – эстетикалық бағыттарындағы үйірмелер мен спорт секциялары бар.

1. «Шұбар доп» волейбол жетекшісі Т.У.Магзумов
2. «Үстел теннисі» жетекшісі Т.У.Магзумов
3. «Жас мерген» жетекшісі И.А.Шакилов
4. «Шебер қолдар» жетекшісі С.Р.Мазанова
5. «Жас шахматшы» жетекшісі Т.У.Магзумов
6. «Сезам» жетекшісі Ш.К.Шакенова

7. «Асық ату» жетекшісі Т.У.Магзумов

Үйірмелер мен спорт секцияларының бағдарламалары жоспарлары, білім алушылар тізімі бар. Үйірме мен секциялардың жұмыс жасау кестесі мектеп директорымен бекітілген. Мектептегі 38 оқушының барлығы қызығушылықтарына қарай үйірмелер мен спорт секцияларымен 100% қамтылған.

2023-2024 оқу жылы

Мектепшілік бақылау жоспары негізінде үйірме, секция сабақтарына тексеріс ұйымдастырылды, тексеру барысында журнал, жоспарлар тексерілді. Оқушылармен және секция, үйірме жетекшілерімен сұхбат жүргізілді. Балалар арасында спорттық секциялар кесте бойынша уақытылы өткізіледі. Сабақ кезінде оқушылар тізімінің 98% болды, барлығы спорттық киіммен. Спорттық секциялардағы сабақтардың басты ерекшелігі – оқушылардың жай ғана ойынға емес, еңбекке, жаңа әдіс-тәсілдер мен дағдыларды меңгеруге деген көзқарасы. Сабақтың басында мұғалім нақты оқу мақсатын қояды, сабақ соңында қорытынды жасалады.

Үйірмелер мен секция жетекшілерінің жұмыс жоспарлары бар, сынып журналдарын жүргізеді және балалардың сабаққа қатысуын есепке алады.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қадағалаусыздығы мен панасыз қалуының алдын алу мақсатында мектепте 2023-2024 оқу жылының 2 жартыжылдығында оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында үш бағытта: спорттық секциялар, үйірмелер бойынша оқушыларды мектептен тыс жұмыспен қамту ұйымдастырылды. спорт секциялары: волейбол, үстел теннисі, асық ату, шахмат. Барлығы спорт секцияларымен оқушылар 100% қамтылды. Қызығушылықтары бойынша: «Шебер қолдар», «Жас мерген», «Сезам» үйірмелеріне оқушылар белсенді қатысады.

Мектепшілік бақылау жоспары негізінде 2023-2024 оқу жылында мектепте оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында 4 спорт секциясы және 3 қызығушылығына байланысты үйірмелердің кестесі бекітілді. Мектептегі оқушылардың саны 2 жартыжылдықта 39, толық 100% қамтылды.

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік отырысында үйірме жетекшілердің жоспарлары қарастырылды, бекітілді. ҚІІ, МІБ, қауіптілер тобындағы оқушылар жоқ. Денсаулығына байланысты дене шынықтыру сабақтарынан босатылған оқушылар жоқ.

Үйірмелер мен спорт секцияларының бағдарламалары жоспарлары, білім алушылар тізімі бар. Үйірме мен секциялардың жұмыс жасау кестесі мектеп директорымен бекітілген. Мектептегі 39 оқушының барлығы қызығушылықтарына қарай үйірмелер мен спорт секцияларымен 100% қамтылған.

Оқу – тәрбие үрдісіндегі психологиялық қызметі 2022-2025 оқу жылдарының салыстырмалы есебі

Мақсаты:

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау. Орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- 1) Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, олардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;

- 3) әрбір білім алушыға, тәрбиеленушіге оның жеке базы психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
- 4) Психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналарға (заңды өкілдерге) және педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 7) Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Бағыттары:


1. Психодиагностика
2. Кеңес беру жұмысы.
3. Ағартушылық және психопрофилактикалық қызметі.
4. Дамыту және түзету жұмыстары.
5. Әдістемелік – ұйымдастыру жұмыс.
6. Психологиялық қызмет туралы талдамалық есеп

Психодиагностикалық жұмыстың барлық түрлері оқушыға өз мүмкіндіктеріне сенуге көмектесуге, өзін-өзі тәрбиелеуге және мінездің жағымсыз көріністерін жеңуге деген ұмтылысын ынталандыруға бағытталған. Біздің мектепте нақты міндеттерді шешу кезінде алдын алу мақсатында тұлғалық даму диагностикасы жүргізіледі:

- балалардың даму деңгейін анықтау;
- бірінші сынып оқушыларының, бесінші сынып оқушыларының, бейіндік сынып оқушыларының мектептегі бейімсіздігінің себептерін анықтау, педконсилиумдарды, сыныптық-жалпылама бақылауды дайындау;
- қарым-қатынастың бұзылуының психологиялық себептерін анықтау;
- оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу;

Диагностика бағыты бойынша оқушылармен өткізілген диагностика жұмыстары облыстық шығармашылық топпен және Ы. Алтынсарин академиясының аутодеструктивті мінез –құлықты алдын алу бағдарламасының енгізілуіндегі ұсынылған әдістемелікпен жүзеге асырылды: мектептегі қобалжу (1-2 сыныпта А.М.Прихожанның проективті әдістемесі, 3-5 сыныптарда Филлипс әдістемесі, 6-8 сыныптарда Кондаш сауалнамасы 9-11 сыныптарда Г.Айзенктің «Самооценка психических состояний»), агрессивті мінез-құлық (1-4 сыныптарда проективті әдіс «Кактус », 5-11 сыныптарда Басса –Дарки сауалнамасы, Г.Айзенктің «Самооценка психических состояний»), өзін –өзі бағалау деңгейі (1-4 сыныптарда проективті әдіс «Лесенка» Щур В.Г., 8 -11 Г.Казанцева «Самооценка психических состояний» сыныптарда әдістемесі), мектептегі оқу түрткісі (1 , 5сынып «Оценка уровня школьной мотивации» Н.Г. Лусканова), 9,11 сыныптарда кәсіби бағдар жолын анықтауда Л.Йовайший мен Резапкина Г. әдістемелері қолданылды.


Қобалжу деңгейінің үшжылдық көрсеткіші.



Кесте №1

№1 кестеге қарайтын болсақ жоғары деңгей көрсеткіші үш жылдың ішінде тұрақтылықты көрсетеді, орта көрсеткіштің өсу динамикасын байқаймыз. Жалпы мектеп мазасыздығы көбінесе оқушының білім жағдайын тексеруіне, 11 сынып оқушыларының ҰБТ тестілеу алдындағы қобалжу, сайыс алдындағы мазасыздыққа байланысты. Әрине, атап кететін болсақ әрбір жеке тұлғаның мазасыздық деңгейі ортадан – төмен деңгей болса, ұстаз бен оқушы арасындағы сәтті нәтижені көрсетеді немесе мектепте сабақ барысындағы жайлылықты береді. Табаңдылық деңгейі жоғары оқушыларда мазасыздық деңгейі төмен келеді. Жалпы оқушылардың қобалжу деңгейі нормадан ауытқушылықты көрсетпейді. Бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай қобалжу деңгейінің жоғары көрсеткіші қалыпты жағдай.


Оқушылардың агрессия деңгейлері



Кесте №2

Оқушылардың агрессия деңгейлері төмен деңгей 26-21% аралығында, орташа 61-68% аралығында, жоғары деңгейі 13-11% аралығында көрсетеді. Әдістемені алу барысында жұмысқа 1-4 сынып және 5-11 сынып аралығындағы оқушылар қатысты. Зерттеу қорытындылары бойынша орта және жоғары буын оқушыларының агрессивті мінез-құлығы ситуативті жағдайда орын алады. Агрессивті түрі көбінесе


жанама немесе вербальді агрессияға жатады. Бастауыш сынып оқушыларының көбінесе тұлғалық, өзіндікке байланысты. Нәтиже бойынша көрсеткіштері жас ерекшеліктеріне сай, ауытқушылық жоқ. Өзін-өзі бағалау деңгейлері.



Кесте №3

Өзін-өзі бағалау бойынша ұшылдық нәтижелері жалпы бастауыш сынып оқушыларында жоғары көрсеткіш тұрақты жағдай. Жалпы мектепшілік оқушылардың өзін-өзі бағалау көрсеткіші адекватты, жас ерекшеліктеріне сай келеді. Төмен көрсеткіш өзіне деген талабы жоғары оқушыларда.


3 жылдың 1,5,10 сынып оқушыларының бейімделу деңгейіне келетін болсақ 1 сыныптар көрсеткіші:



Кесте №4

2022-2025 жж бейімделу деңгейі психологиялық тұрғыдан сәтті деуге болады, себебі жылдар өскен сайын ата – ана мен бала арасындағы байланыс тығыз үрдісте өтіп, әсіресе 1 сынып ата- аналары бала өміріне көп көңіл бөледі деуге болады. Сонымен қатар баланың оқуға дайындығы танымдық үрдістерінде де қиыншылықтар кездеседі деуге болады: зейіннің тұрақсыздығы, тапсырмаларды орындауда асығу, қателер жіберу, есте сақтау қабілетінің орташа болуы.

5 сынып бейімделу деңгейлері:




Кесте №5

Деадаптация көрсеткіші төмен деңгейде , орта бейімделу 14-0 % арасында толқиды, осында атап кететін жөн орта буын пән мұғалімдерінің әртүрлі болып, әртүрлі талап қоюы , жеке тұлғаның жасөспірімдік кезеңінің басталу шағы, орта буынға көшуіне байланысты. Бірақ, ауылды мектеп және бала саны аз болғандықтан, оқушылар мектепшілік шараларға түгелдей қатысуына және буын аралық сабақтастыққа байланысты оқушыларда бейімделу жағдайы сәтті өтуде.

10 сынып оқушыларының бейімделу деңгейлері

2022-2025 оқу жылдарында оқушылардың бейімделу деңгейлері тұрақты. Оқушылардың оқу түрткілері орташа деңгейде, сыныптағы комфортты деңгей жоғары. 10 сынып оқушыларының мамандыққа дайындалу жолын ескеретін болсақ, оқушылар жоғарғы сатыға келе отырып, кейбіреулері мамандыққа бейімделмеген болады. Сол салдарының себептері қазіргі заманға сай бала үшін ата- ананың оқу жолын таңдап, жеке тұлғаның нық дамып, өз қалауын ұстанғаны дұрыс болса, әлі күнге дейін мамандықты таңдай алмай жүрмеген балалар кездеспейтін еді.. Сондықтан осыған назар аударып , ата –ана баланың көзқарасын, қалауын таңдатып оған көмекші болғанды атап кеткен жөн.



Кесте №6

Оқушылардың өз –өзіне қол жұмсауын алдын алу бойынша жыл сайын мектепте жылдық жоспар жасалып, қатаң қадағалануда. Әртүрлі кризистік кезеңдер мен жастық шақтың периодтарын бастан кешкенде бала өзін де ата – ананы және ұстазды үрей тудыратын кезеңдер болады. 2022-2023 жылдан бастап

Ы.Алтынсарин академиясының ұсынылған аутодеструктивті алдын алу бағдарламасында жүзеге асырылады. Сол себептен алдын алу мақсатында оқушылармен диагностика жұмысы соңғы 2022-2024 оқу жылдарына 6-7 сыныптардан проективті әдіс «Человек по дождем» және 5-11 сыныптарда Д.Бактың «Ағаш – адам – үй» алынды. Білетіндей ол жасөспірімнің нақты қызу шағы болады. Осының 2 жылдық көрсеткішіне назар аударатын болсақ мына нәтижені көреміз:

2022-2023 оқу жылы

5-7 сынып	0%	0%	0%
8-11 сынып	0%	0%	0%
Депрессия	0%	0%	0%
	жоғары	орта	төмен

2023-2024 оқу жылы

5-7 сынып	0%	0%	0%
8-11 сынып	0%	0%	0%
Депрессия	0%	0%	0%
	жоғары	орта	төмен

Кесте № 7

Яғни, оқушылардың депрессия деңгейлері төмен пайыз, невротизация жүйесі бойынша тіркелген оқушылар саны жоқ, оқушылардың қарым – қатынас деңгейлері орташа алғанда 85 % пайызды құрайды. Сонда біз 3 жыл бойы депрессия мен невротизация деңгейінің бірқалыпты келе жатқанын байқаймыз.

Сонымен қатар, осы бағытта түрлі түзету – дамыту жұмыстары атқарылып тұрады, олар тренингер, сұраныс бойынша әңгімелесулер, релаксациялық ойындар және т.б. Дамыту-коррекциялық бағыты:

1 сынып оқушыларымен бейімделу бойынша психологиялық ахуалын, сабақтағы әрекетін, мұғаліммен қарым-қатынасына бақылау жүргізілді, зерттеу нәтижелері мен бақылау қорытындысы бойынша оқушылармен «Мен бірінші сынып оқушысымын», «Есте сақтау», «Зейінді бол», «Менің сыныбым» атты коррекциялық тренингтер өтті. Сынып жетекшісі мен ата-аналарға бейімделу бойынша ақпарат пен кеңестер берілді.

5 сынып оқушыларымен диагностикалық жұмыс қорытындылары бойынша коррекциялық тренингтер жүргізілді: «Менің сыныбым», «Мен және менің өзгерістерім», «Менің хоббиім», қобалжуды төмендету жаттығулары. Сынып жетекшісі мен ата-аналарға ақпарат пен кеңестер берілді, әңгіме жүргізілді. Ата-аналар мен пән мұғалімдермен жүргізілген әңгіме нәтижесі бойынша оқушыларда бейімделу бойынша қиындықтар мен кедергілер болған жоқ.

Ата-аналар мен сынып жетекшілерге оқушылардың бейімделу бойынша төмендегі ұсыныстар айтылды:

5. Баланың мектептегі жағдайы бойынша жие әңгімелесу
6. Күн тәртібі мен режиміне көңіл бөлу
7. Баланың көңіл-күйін үнемі бақылау
8. Сынып жетекшісі мен ата-ана тарапынан тығыз қарым-қатынас жасау.

Сол сияқты ата – аналармен жылда мектепшілік және сынып ата – аналар жиналысында оқушылардың әртүрлі уақыттағы қиыншылықтарды бастан өткізу бойынша баяндамалар оқылып, кеңес беру жұмыстары атқарылып тұрады.

Осы бағытты қорытындылайтын болсақ: Ата – аналардың бала өміріне одан да көбірек көңіл бөліп, оны қолдаса немесе мектеппен тығыз байланыста болса, біз тек қана сәтті күндерге қол жеткіземіз деуге болады.

Психологиялық кеңес беру жұмыстары оқу – тәрбие мекемесінде қиыншылықтарды жеңіп, болдырмауда 3 бағытта кеңес беру. Консультативтік жұмыс-оқыту, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері, құрдастарымен, ата-аналармен, мұғалімдермен өзара қарым-қатынас, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту мәселелері бойынша балаларға жеке және топтық консультациялар өткізу.

Кеңес беру жұмысы жоспар және ата – аналар, мұғалімдер, оқушылар сұранысы бойынша атқарылады.

Ата – аналармен кеңес беру жұмыстары:

2022-2023 оқу жылы – 60% консультация

2023-2024 оқу жылы - 63% консультация

2024-2025 оқу жылы – 71% консультация

Мұғалімдермен кеңес беру жұмыстары

2022-2023 оқу жылы – 63%консультация

2023-2024 оқу жылы - 65%консультация

2025-2026 оқу жылы – 70% консультация

Оқушылармен кеңес беру жұмыстары:

2022-2023 оқу жылы – 56% консультация

2023-2024оқу жылы – 59% консультация

2026-2025 оқу жылы – 61% консультация

Кеңес беру жұмыстары 1,5,10 бейімделу үрдісі, сыныптағы қарым – қатынас, мұғалім мен оқушы тіл табысуы, отбасындағы қарым – қатынас, оқушылар ұжымындағы кикілжің сынып жетекшілерге кеңес беру, «тәуекел топ» оқушыларға мінез-құлықты алдын алу, ерекше білім берудегі оқушылардың білім алудағы қиыншылықтары, оқушыларды олимпиада мен жобаларға дайындауда кеңес беру. Сұраныс бойынша психологиялық көмек және қолдау көрсету, «Бос уақытыңды дұрыс жоспарла» 9-11 сыныптарына кеңес, «Қауіпсіз интернет» бойынша дәріс, кеңес беру жұмыстары атқарылды. «Мамандық таңдауда қателеспе», «Емтихан барысында өзіңді қалай ұстау керек?» тақырыптарында 9,11 сыныптарға ұсынымдар жасалынды. Инклюзивті оқушыларға қолдау қалай жасау керектігі бойынша ата-аналарға кеңестер берілді.

Психологиялық ағарту- дамыту жұмыстары оқушылардың төменгі сатыдан орта буынға психикалық зардап шегусіз көшуіне қолдау жасау. Сол сияқты оқушылардың психикалық жүйесінде қоршаған ортаға әлеуметтенуі кезінде ауытқулардың тудыруына жол бермеу.

Ағартушылық, түзету- дамыту бағыттары бойынша жылдық жоспарға сәйкес оқушылардың психикалық күйін, қобалжу мен стресстік шиеленісті төмендету, суицидтің, құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың, ерте жүктілік пен жыныстық қолсұқпушылықтық, қазіргі таңда ең ауқымды болған буллинг және кибербуллинг мәселесі бойынша алдын алу мен ағартушылық жұмыстар мектептің психологиялық қызметінің жоспарына, аудандық хатына сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді: «Психикалық денсаулық күні» бойынша оқушылармен тренинг, бастауыш сыныптарымен буллинг, кибербуллинг туралы ақпарат, бейнеролик көрсетіліп, «STOP-буллинг» тақырыбында сурет салды, 5-11 сынып буллинг және кибербуллинг туралы бейнеролик көрсетілді, «Буллинг және кибербуллинг: кім кінәлі?» атты дебат, аталған тақырып бойынша 1-11 сынып

тренингтер жүргізілді, «Балалар сауалы» сұрақ-жауап дөңгелек үстел, «Бақытты балалық шақ», «Отбасы бақыт мекені», «Зорлық-зомбылықсыз өмір», 8-10 сынып ұлдарымен «Құқықбұзушылық түрлері», «Буллинг салдары», «Тәуекел факторлары» тақырыптарында тренингтер мен әңгімелер жүргізілді;

Аутодеструктивті мінез әрекетінің алдын алу бағдарламасына сәйкес жоспар құрылып, іс шаралар ұйымдастырылды: мектептің әлеуметтік картасы мен дағдарыс жағдайының болу факторлары картасы жасалынды, ата-аналар мен мұғалімдерге «Балалардағы суицидтік мінез-құлық белгілері және оларды анықтау жолдары» семинар тренинг, Балалармен және мұғалімдермен қарым-қатынас мәселелері бойынша кеңес беру, «Сенім жәшігінің» жұмысын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналар мен сынып жетекшілерге округтік учаскелік инспекторы Р.Б.Сыздықовтың қатысуымен «Буллинг және кибербуллинг», «Зиянды әрекеттерден аулақ бол», «Отбасындағы зорлық-зомбылық», «Балаға бақыт сыйлау», «Суицидтік итермелейтін факторлар», «Отбасы бақыт мекені» тақырыптарында кездесулер мен семинар-тренингтер өтті. ата-аналармен әрбір кездесуде үнемі бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі мен жауапкершілігі, құқықбұзушылықтың бала болашағына әсері жөнінде әңгімелер жүргізілді;

